

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ЛИДЕР БЕЙНЕСІ

Д.Б.Абдирешова, А.И.Исмаилов
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумамайды, анадан қыз туса күң боламын деп тумамайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз...

Қазыбек би

Лидер (ағылш. Leder- жетекші) – қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. Халықтың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мақсат – мүддесін толық сезініп, қорғай білетін, бойына саяси қайраткерге лайықты қасиеттерді жия білген адам лидер ретінде танылады. Лидер алға қойған мақсатқа жету үшін белгілі бір әлеуметтік ортада адамдардың күш - жігерін біріктіріп, іс - әрекетін қоғам мүддесіне сай жүргізеді. Лидерге алғырлық, ақылдылық, қажырлылық, ұйымдастырушылық, жұртқа жағымдылық, сондай – ақ өзіне жауапкершілік ала білу және іскерлік таныта білушілік, т.б. қасиеттер мен қабілеттер тән. Кез келген тарихы кезеңде, қоғамдық – саяси өмірде лидер аса беделді тұлға ретінде танылады [1].

Саяси іс-әрекетті жүзеге асыруда саяси жетекшілердің, топ бастаушылардың, бір сөзбен лидердің орны ерекше. Соңғы кезде лидер мағынасы кеңейе түсті. Өйткені саяси лидерге басқарушы қызметті ресми түрде атқармайтын, бірақ саяси өмірде беделді, аты шыққан адамдарды да жатқызып жүр.

Саяси жетекшіліктің, лидерліктің табиғатын, сыр – сипатын ғалымдар ерте заманнан – ақ білгілері келген. Солардың ішінде ерекше көзге түсетін Н.Макиавеллидің «Патша» деген еңбегіндегі тиімді басшылық. Ол басшы мен бағынушының өзара қатынасына негізделген мынадай төрт ережеден тұрады:

- басшының билігі оны жақтаушылардың қолдауына сүйенеді;
- бағынушылар өз басшысынан нені күтеді және өз кезегінде басшы олардан нені күтуі мүмкін – соны білулері керек;
- топ бастаушының қандай жағдай болмасын аман қаларлық қайрат – жігері, қабілеті

болуға тиіс:

– басқарушы өз жақтастарына даналық пен әділеттіліктің үлгісі болуы керек.

Қазір саяси лидер деп қоғамдық – саяси ұйымға, қозғалысқа, мемлекетке әрдайым және шешуші ықпал ететін тұлғаны айтады.

Саяси топ бастаушылар, әдетте, мынадай қызметтерді атқарады: қоғамның түбегейлі құндылықтары мен арман – аңсарлары негізінде әр түрлі топтардың басын біріктіріп, мүдделерін үйлестіру, топтастыру, халықтың, топтардың қажеттіктерін өтейтін және қарыштап алға басуға мүмкіндік тудыратын саяси бағыт – бағдарлама жасау; қоғам алдындағы мақсаттарды жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерін айқындау; халықты ынталандыру арқылы қажетті өзгерістерді іске асыру; әділдіктің, заңдылықтың, тәртіптің кепілі болу.

Саяси топ бастаушыларды топтастыруға болады. Топтастыруға алғаш қадам жасаған немістің әлеуметтанушысы М.Вебер. Ол саяси лидерлерді «бедел» ұғымына негіздеп былай жіктеді:

1) билік әкеден балаға мирас ретінде қалатын әдет – ғұрып жетекшілігі;
2) ерекше қадір – қасиеті, қабілетіне (ақылдылығына, батырлығына, т.т.) байланысты билік басына келген харизматикалық топ бастар;

3) конституция негізінде сайлау арқылы басшылық орынға келген саяси лидерлер.

Қазіргі кезде саяси жетекшілерді жіктеудің кең тараған түрін американдық профессор Дж.Херманн ұсынды. Ол саяси топ бастаушыларды бейнесі (имиджі) бойынша былай жіктеді:

1) ту көтерер саяси жетекші. Оның өмірге өз көзқарасы, болашаққа болжамы бар және оған жету жолдарын да біледі. Ол өмірде болып жатқан оқиғалардың сипатын жақсы түсінеді, оны өзгертудің жолын, қарқынын айқындайды. Мысалы, Үндістанда ұлт – азаттық қозғалыстың басшысы болған Махатма Ганди, қара нәсілділердің азаматтық құқығы үшін күрескен Мартин Лютер Кинг, Иран халқының көсемі Аятолла Хомейни, Түрік халқының бірінші президенті Мұстафа Кемал Ататүрк;

2) қызмет етуші топ бастар. Ол өзінің жолын қуушылардың мүддесін дәлме – дәл білдіре білудің арқасында құрметке бөленеді. Мысалы, Л.И.Брежнев, Д.А.Қонаевтар.

3) саудагер топ бастар. Оның ерекшелігі – алдына қойған жоспарды іске асыруға соңына ергендердің бәрін жұмылдырып, сендіре білу қабілетінде. Мысалы, Американың 40-шы президентті Р.Рейган, Ресей президентті Б.Н.Ельцин.

4) өрт сөндіруші топ бастар. Ол уақыттың талабына сай өз жақтастарының жинақтап қойған сауалына, қысылтаян жағдайларда шапшаң шешім тауып, жол көрсете алады. Мысалы, Д.Буштар (әкесі мен баласы), Я.Арафат.

Әрине, өмірде бұл көрсетілген төрт теорияға тура сәйкес емес, аралас күйде лидерлер кездеседі.

Лидер адамдардың көңіл – күйін, ой – арманын, үмітін, ұмтылысын, зәрулігін қай сәтте болмасын мүлтіксіз сезініп отыруы керек. Ол басқаларға жақын адамындай қарап, халықтың мұқтаждығын қанағаттандырылғандай қамқоршыл болса, қалың жұрт оны шексіз сенімге бөлейді. Қазіргі таңда құр сөзімен ғана халыққа жақын болып, іс жүзінде ештенені іске асыра алмайтын лидер сымақтар (псевдо лидерлер) қоғамда қаптап кетті.

Нағыз топ бастаушы шиеленісті шешудің ең қолайлы тәсілі – оған қатысушылардың қай жағы болмасын ұтыста болатындай жағдайды іздестіру керектігіне олардың көздерін жеткізе білуде.

Ол үшін жетекші саяси кикілжіңге қатысушылардың назарын тек өзінің ғана емес, сонымен қатар басқаның да пайдасын ойлайтындай жағдай тудырады.

Лидердің рөлі әсіресе өзгерісті дәуір, өтпелі кезеңде зор болады. Мұндай жағдайда оған нақтылы мақсаттарды дұрыс түсініп, жылдам шешім қабылдауға тура келеді. Сонысымен көзге түседі. Қиындықта жол тапқан адамның аты әрқашанда ел есінде, тарих бетінде мәңгі қалады.

Ал қазақ халқының топ басшыға деген көзқарасын білу үшін біз алдымен менталитет мәселесіне тоқталуымыз керек.

Менталитет ағылшынның *mentality*, француздың *mentalite* деген сөздерінен шыққан. Бұл термин 20ғасырдың басында Батыс Еуропада қалыптасады. Алғашында ол қоғамның рухани өміріндегі баянды бастаманың сипатын білдіреді. Кейін келе ол адамның немесе әлеуметтік топтың әлемді белгілі бір кейіпте, қалыпта сезіну, түйсіну, түйсіну және іс - әрекеттер жасау жөніндегі жалпылама, кең тараған түсінігін білдіретін болды. Қазір ол

мынадай мағыналарда қолданылады:

- 1) ойдың бағыты, жүйесі, ақыл шабыты, құрылымы;
- 2) адамның, таптың, халықтың дүниетанымы, өмірге, саясатқа, билікке қатынасы;
- 3) рухани өмірдің ерекшелігі.

Менталитет мәселесімен тұнғыш айналысқан психоаналитиктер Зигмунд Фрейд пен Карл Густав Юнг болды. К.Г. Юнг өзінің 1912 жылы жарық көрген «Метаморфозы и символы либидо» атты еңбегінде адамның түс көруіне мифтің, фольклордың әсері барын айтқан [2].

Әрбір халықтың өзіндік табиғи – тарихи жағдайда өмір сүруіне, дамуына байланысты тілі, мәдениеті, ұстанған дінімен қатар ойлау салты, әлемді бейнелеу, оны танып – білу стилі түпкі санасында тұрақты, берік сақталады, яғни ұлттың менталитеті қалыптасады, сонысымен өзгешеленеді. Ол сол халықтың зердесі мен жадында ең үлкен құндылық ретінде бағаланады, құрметтеледі, ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық ретінде беріледі. Мысалы, неміс халқын ежелден тәртіпті, ұқыпты деп сипаттайды, жапондықтарды, қытайлықтарды еңбекқор және жұмысқа жауапты қарайды, скандинавия халықтарын салқынқанды, сабырлы, Кавказ халқын қызуқанды, жігерлі деп санайды. Бұл қасиеттер, әрине, халықтың менталитетін толық ашып бере алмайды. Дегенмен, басты белгілерінің бірі бола алады. Осы сияқты, қазақ халқы туралы сөз болғанда, әдетте, оның қонақжайлығы, басқа халықтарға ашықтығы аталады.

Саяси салада да әр халықтың менталитетінде өзгешеліктер бар.

Қазақ халқының ұлттық санасында және менталитетінде ерекше орын алатын еркіндік пен тәуелсіздік ұғымдары. Қазақ халқының бостандықты, тәуелсіздікті, әділеттілікті аңсауы, оған деген табиғи ұмтылысы қай кезде де күшті болған. Және кейінгі ұрпақ та соған бағдар алып отырған. Оған, ең алдымен, сан ғасырлық көшпелі өмір салты себеп болды. Ағылшынның белгілі тарихшысы және философы А.Тойнби атап көрсеткендей, отырықшы халықпен салыстырғанда, номадтарды (көшпенділерді) басып алып, бағындыру өте қиынға түскен.

Табиғат, аспан, ай – күн, жұлдыздар тынымсыз қозғалыста, жыл маусымдары ауысып, өзгеріп отырады. Қазақтар да табиғаттың перзенті болғандықтан, қыстаудан көктеуге, көктеуден жайлауға, жайлаудан күздеуге ауысып көшіп отырған [3].

Көшпелі өмір қазақ халқының ойлау жүйесіне, психикалық жан дүниесіне еркіндік сезімін мықты сіңірді. Сондықтан қазақ халқының өзіне ғана тән қасиеттері бар, тек осы жердің топырағында туып, суынан нәр алған адамға ғана даритын қасиеттері бар лидерлер өмірге келген. Осы топырақта тәуелсіз, егеменді мемлекет болу үшін, ақ біліктің күшімен, ақ найзаның ұшымен неше бір жат жұрттың жаулап алушылардан, отаршылардан қорғап қалып, бізге аманаттап кеткен топ басшыларымыз өздерінің ерлік тарихын жасады. Мысалы, үш жүзді біріктіре алған Абылайхан, Кенесары хан өз заманының нағыз лидерлері болған.

Ертеде қазақ ауылында барлық дау, жанжал, талас ел болып талдау арқылы белгілі топқа келген. Оған ел болып, бәрі қатысқан: жас демей, үлкен демей, әйел демей, ер демей, кедей демей, бай демей. Сол дауда кімнің сөзі уәжді болса, сол сөз өткен, соған тоқтаған. Айтқан адамды ел басына көтерген, шешен, би деп таныған [4].

Қазақ халқы басынан неше түрлі қайғы қасіретті өткерді. Әсіресе, сондай ел басына түскен ауыр күндерде қасында болған ер азамат басшыларымыз мәңгілік ел есінде қалды. Отанының азаттығы үшін жанын, тәнін аямай, Ұлы Даланың кең сахарасында елін, жерін, еркіндігін қорғап кескілескен талай шайқастарда қаншама серкелеріміз қаза болды.

Қазақ халқы дана халық. Оның әр бір мақал-мәтелдері қазіргі жағдайдың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. «Балық – басынан шириді» деген мақалында, халық тағдыры басшының қолында деп түсінгендігін білдіреді. Себебі лидер көпшіліктің мүддесін қорғайды оның дұрыс емес әрбір қадамын оған сенген әрбір азамат сезеді. Сондықтан лидер туралы сұраққа келгенде қазақ халқы немқұрайлықпен қарамаған. Оны көпшіліктің ішінен тани әрі таба білген.

Мүмкін содан болар қазірде елбасының тек жақсы қасиеттерін көріп, ерекше кейде қасиетті тұтамыз. Жаман жағын іздемей жасыруға да тырысамыз. Мысалы, Американдықтар өздерінің экс президентті Б.Клинтон туралы бүкіл әлемге оның лидерге тән емес қасиетін паш ете салды. Бұл олардың нағыз демократ екендерін көрсетпейді, керісінше олардың ортақ ұлттық тарихынан, әдеп-ғұрыптарынан жұрдай екенің нағыз айғағы. Мен бұл жерде еш бір ұлтты жоғары немесе төмен деп айтқым келіп отырғаным жоқ. Тек әр бір этностың өзіне тән қасиеттері болатынын айтқым келеді.

Сөзді қорытындылай келе лидер деген тек елбасшылар емес, оларға елдің мүддесін

корғаған батырларды да, елге ақыл айтқан, ел силаған билерді де жатқызуға болады. Олардың барлығын атап шығу мүмкін емес. Лидерлер болған, бар әліде бола бермек. Қазақ халқының оны дұрыс таңдайтынына мен толық сенімдімін.

Әдебиет

- 1 Қазақстан Ұлттық энциклопедия.-№ 6 том.- Алматы, 2004.- 285 б.
- 2 Бурбаев Т. Ұлт менталитеті.-Астана: Елорда, 2001.
- 3 Ұлт тағылымы.- № 1/2003. Түркі дүниетанымы мен менталитеті туралы.- 122 б.
- 4 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. -Алматы, 1999.- 183 б

Резюме

В статье рассматриваются проблемы теории лидера в духе национальной традиции. Влияние культуры и образа жизни на формирование лидерских качеств у людей в казахском обществе, а также рассматриваются особенности влияния этнического происхождения на лидерские способности.

Summary

This article is about problems of theory of leaders in the spirit of national traditions, influence of culture to the foundation of leading quality in kazakh society, and also you can find the influence of ethnic existence to leader abilities.